

Мәслихаттың 2010 жылғы 28 шілдедегі № 346 "Лисаков қаласындағы Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2011 жылғы 28 қазандағы № 465 шешімі. Қостанай облысы Лисаков қаласы Әділет басқармасында 2011 жылғы 11 қарашада № 9-4-191 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 29.04.2015 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Мәслихаттың "Лисаков қаласындағы Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" 2010 жылғы 28 шілдедегі № 346 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-4-170 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 9 қыркүйекте "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасындағы:

1 - т а р м а қ т а :

екінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

"жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстау-ға арналған шығыстар төлемін; " ;

2-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және өндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге

жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстардың ш о т т а р ы . " ;

4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті орган осы Қағиданың 2-тармағында белгіленген, өтініш берушімен қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Тұрғын үй көмегін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаның бір данасы өтініш берушіге беріледі.";

11-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Тұрғын үй көмегін көрсету мәселелері бойынша туындаған келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ш е ш і л е д і . " .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XXIV сессияның төрайымы

Т. Хиврич

Қалалық мәслихатының хатшысы

Т. Кривошея

КЕЛІСІЛДІ:

*" Л и с а к о в қ а л а с ы
ә к і м д і г і н і ң ж ұ м ы с п е н
қ а м т у ж ә н е ә л е у м е т т і к
б а ғ д а р л а м а л а р б ө л і м і "
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і
б а с т ы ғ ы н ы ң м і н д е т і н
а т қ а р у ш ы*

_____ *Л. Бочаренко*